«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

М. Горький көшесі, 65, Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы, 070004,
тел./факс: 8 (7232) 248-218, e-mail: fink.ustk@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

улица М. Горького, 65, город Усть-Каменогорск,
Восточно-Казахстанская область, Республика Казахстан, 070004,
тел./факс: 8 (7232) 248-218, e-mail: fink.ustk@minfin.gov.kz

21.04.2021 года № 05-13/1622

«Сэт-Сервис» ЖШС
Мемлекеттәк сатып алудың веб-порталы

Өтінішке жауап

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) №5463605-1 «Аудан ішіндегі желілермен, ШҚО Курчатов қаласында 1 мөлтек ауданының су өткізу желілерінің құрылысы (жеке тұрғын үй құрылысы үшін)» конкурсына, ұйымдастырушы – «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-ге мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы келіп түскен Сіздің №97411 (08.04.2021 жылғы кіріс №ЮЛ-И-344) өтінішіңізге, келесіні хабарлайды.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес, шағымданған конкурстың мәні Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласының 1 шағын ауданды орамішілік желілерімен сумен жабдықтау (жеке тұрғын үй құрылысы үшін) құрылысы бойынша жұмыстар болып табылады.

Осыған орай, Тапсырыс беруші «Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласының 1 шағын ауданды орамішілік желілерімен сумен жабдықтау (жеке тұрғын үй құрылысы үшін)» жұмыс жобасы бойынша берілген 28.12.2018 жылғы №КСҚКAZ-0402/18» «Қазақстан сараптау қауымдастығы» KAZEXPERTIZA» ЖШС (ҚАЗСАРАПТАМА/ КАЗЭКСПЕРТИЗА) ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысын ұсынды.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» *ҚР Заңының 26 бабының 1 тармағына сәйкес (бұдан әрі – Заң): «Конкурсқа қатысушы ұсынған, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын шекті мәннен төмен болып табылатын баға демпингтік баға деп танылады»*.

Бұл ретте, Заңның 26 бабының 2 тармағына сәйкес: «*Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген, әлеуетті өнім берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша, демпингттік деп танылмайтын, жол берілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға тең*

мөлшерде сома енгізу шарты бар жағдайларды қоспағанда, демпингтік бағалар ұсынуға жол берілмейді».

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 174 тармағына сәйкес, сатып алу кезіндегі өзгерістермен және толықтырулармен қоса: «*Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада (жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжат) көрсетілген бағадан* ***он пайыздан астам*** *төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады*».

Бұл ретте, Қағиданың 178-1 тармағына сәйкес: «*Осы Қағидалардың* ***174-176****-тармақтарымен көзделген жағдайларда демпингтік баға ұсынуға* ***рұқсат етілмейді***».

Мәселен, конкурстың мәні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен «Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласының 1 шағын ауданды орамішілік желілерімен сумен жабдықтау (жеке тұрғын үй құрылысы үшін)» жұмыс жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары болып табылатындығын ескерсек, бұл жағдайда Қағиданың 174-тармағының нормасы осы мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарына қолданылады.

Демек, конкурсқа бөлінген сома - 112 961 607,14 теңге (ҚҚС-сыз) болған кезде, Қағиданың 174-тармағына сәйкес демпингтік деп танылмайтын өтінімнің рұқсат етілген бағасы - 101 665 446 теңгені құрайды (бөлінген сомадан 10%-ға төмен).

Алайда, қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Сәт-Сервис» ЖШС 99400000 теңге мөлшерінде баға ұсынысын ұсынды, бұл демпингтік баға болып табылады, өйткені ол конкурсқа бөлінген сомадан он пайыздан астам төмен болып табылады.

Осыған байланысты, «Сәт-Сервис» ЖШС өтінімінен демпингтік бағаны ұсынуға байланысты конкурсқа қатысудан бас тарту керек, бұл Заңның 26-бабының және Қағиданың 174 және 178-1-тармақтарының нормаларына қайшы келеді.

Сол себепті, Ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы Хабарлама бағытталатын болады.

Камералдық бақылау, Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21 тармағының бірінші абзацына сәйкес жүргізілді.

Өтінішіңізді қарау бойынша уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, Сіз ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 47 бабы 7 тармағының және ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12

қаңтардағы №221 Заңының 12 бабы негізінде, жоғары тұрған органға (ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті) шағымдануға құқылысыз.

Бұл ретте, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **С.Мамаев**

✍ Саркытов К.М.
☏ 8/7232/577896